Мышбаева Земфира Толегеновнаның «8D04103 – Мемлекеттік және жергілікті басқару» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін диссертациясына

АҢДАТПА

«Қазақстан Республикасында ерекше қажеттіліктері бар адамдарды жұмыспен қамтуды мемлекеттік реттеу»

Жұмыстың жалпы сипаттамасы. Диссертациялық зерттеу ерекше қажеттіліктері бар адамдарды жұмыспен қамтуды мемлекеттік реттеуді жетілдіру бойынша ұсыныстар әзірлеуге арналған.

Зерттеу тақырыбының өзектілігі. Жұмыспен қамту ерекше қажеттіліктері бар адамдардың өмір сүру сапасын жақсартуда және олардың қоғамдық өмірге қатысуында шешуші рөл атқарады, себебі олар медициналық қызметтерге, арнайы жабдықтарға, көлікке және басқа да көмекші құралдарға қосымша шығындарды жұмсайды, нәтижесінде бұл олардың бюджетіне айтарлықтай ауыртпалық түсіреді. Бұл азаматтарды жұмыспен қамту олардың әлеуметтік қамсыздандыру институтына тәуелділігін азайтуға, сонымен қатар жеке және әлеуметтік дамуына мүмкіндік береді. Ерекше қажеттілігі бар адамдарды жұмысқа орналастырудағы кедергілер мен факторлар осы азаматтарға мүгедектігі жоқ азаматтармен тең негізде еңбек қызметін жүзеге асыруға мүмкіндік бермейді. Тиімді құралдарды пайдалана отырып, халықты жұмыспен қамтуды мемлекеттік реттеу ерекше қажеттіліктері бар адамдарды жұмыспен қамту деңгейі арасындағы алшақтықты азайтуға бағытталған.

Біріккен Ұлттар Ұйымына барлық мүше мемлекеттер қабылдаған орнықты даму саласындағы сегізінші мақсат жұмысшылардың құқықтарын қорғауды және қауіпсіз еңбек жағдайларын дамытуды қамтамасыз етуді қамтитын Нәтижелі жұмыспен қамту үшін жағдай жасау қажеттілігіне ерекше назар аударады.

2015 жылы Қазақстан Республикасы мүгедектігі бар адамдардың құқықтары туралы Конвенцияны ратификациялады және кемсітушіліксіз мүгедектігі бар халықтың құқықтары мен бостандықтарын қорғауды жүзеге асыруды қамтамасыз ету бойынша міндеттеме алды.

2023 жылы Қазақстан Республикасы мүгедектігі бар адамдардың құқықтары туралы конвенцияға Факультативтік хаттаманы ратификациялады, ол БҰҰ мүгедек адамдардың құқықтары жөніндегі Комитетінің халықаралық нормаларға сәйкес ерекше қажеттіліктері бар азаматтардың жеке шағымдарын қабылдау және қарау құзыретін тануды көздейді. Қазақстан Республикасының мүгедектігі бар адамдардың құқықтарын қорғау және мүмкіндіктер теңдігін қамтамасыз ету саласындағы күш-жігеріне қарамастан, мүгедектігі бар және мүгедектігі жоқ адамдар арасында жұмыспен қамту деңгейінде айтарлықтай алшақтық бар, ол 35% - ды. құрайды. Салыстырмалы түрде, даму деңгейі жоғары елдерде бұл көрсеткіш 23.2% - дан 28% - ға дейін ауытқиды. Осыған байланысты ерекше қажеттіліктері бар адамдарды жұмыспен қамтудың төмен деңгейінің себептерін анықтау; ерекше қажеттіліктері бар адамдарды жұмыспен қамтуды мемлекеттік реттеуді жақсарту жөніндегі шараларды және республикада ерекше қажеттіліктері бар адамдарды жұмыспен қамту деңгейін арттыру жөніндегі ұсыныстарды әзірлеу талап етіледі.

Осы мақсатқа жету үшін ерекше қажеттіліктері бар адамдарды жұмыспен қамту деңгейіне әсер ететін кедергілер мен факторларды анықтау қажет.

Зерттеудің мақсаты мен міндеттері. Диссертациялық жұмыстың мақсаты ерекше қажеттіліктері бар адамдарды жұмыспен қамтуды мемлекеттік реттеуді жетілдіру бойынша ұсыныстар әзірлеу болып табылады.

Осы мақсатқа жету үшін келесі міндеттер белгіленді:

- ерекше қажеттіліктері бар адамдарды жұмыспен қамтуды мемлекеттік реттеудің теориялық негіздерін зерделеу барысында ерекше қажеттіліктері бар адамдарды жұмыспен қамту саясатының авторлық тұжырымдамалық моделін әзірлеу;
- Қазақстан Республикасының ерекше қажеттіліктері бар адамдарды жұмыспен қамтуды мемлекеттік реттеу құралдарын (ерекше қажеттіліктері бар адамдарды жұмысқа орналастыруға арналған квоталар, арнайы субсидияланатын жұмыс орындарының болуы және 2025 жылға дейінгі мүгедектігі бар адамдардың құқықтарын қамтамасыз ету және өмір сүру сапасын жақсарту жөніндегі ұлттық жоспарды іске асыру) талдау нәтижелері бойынша ерекше қажеттіліктері бар адамдарды жұмысқа орналастыруға әсер ететін кедергілер мен факторларды анықтау;
- жартылай құрылымдық сұхбат негізінде Қазақстан Республикасындағы ерекше қажеттіліктері бар кәсіпкерлердің кедергілері мен мәселелерін анықтау;
- ерекше қажеттіліктері бар адамдардың еңбек жағдайына қоршаған орта факторларының әсеріне эконометрикалық бағалау жүргізу;
- ерекше қажеттіліктері бар адамдарды жұмыспен қамтуды мемлекеттік реттеуді жетілдіру бойынша шаралар әзірлеу;
- ерекше қажеттіліктері бар адамдарды жұмыспен қамту деңгейін арттыру бойынша ұсыныстар әзірлеу.

Зерттеу объектісі Қазақстан Республикасында ерекше қажеттіліктері бар адамдарды жұмыспен қамтуды мемлекеттік реттеу жүйесі болып табылады.

Зерттеу пәні ерекше қажеттіліктері бар адамдарды жұмыспен қамтуды мемлекеттік реттеу болып табылады.

Зерттеудің теориялық және әдістемелік негізі. Зерттеудің теориялық және әдістемелік негізін шетелдік және отандық ғалымдардың еңбектері, Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілері, Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының баяндамалары, Халықаралық еңбек ұйымының баяндамалары құрады.

Зерттеуде жүйелі әдебиеттерді шолу, библиометриялық талдау, мазмұнды талдау, құрылымдық теңдеулерді модельдеу, жартылай құрылымдық сұхбат әдістері қолданылды.

Статистикалық мәліметтерді өңдеу үшін STATA бағдарламалары (R, Microsoft Excel) пайдаланылды.

Зерттеудің ақпараттық базасы. Диссертациялық зерттеудің ақпараттық базасы бастапқы және қосымша деректерден құралды.

Бастапқы деректер көздері ерекше қажеттіліктері бар 9 кәсіпкермен жартылай құрылымдық сұхбат нәтижелері және республика бойынша ерекше қажеттіліктері бар адамдар арасында жүргізілген онлайн сауалнама деректерінен құралды.

Екінші реттік деректердің көздері Халықаралық еңбек ұйымының статистикалық деректер базалары, Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросы, халықаралық

ғылыми-тәжірибелік конференциялардың материалдары, мерзімді басылымдар мен интернет-ресурстарынан құралды.

Ғылыми жаңалық келесі нәтижелерді құрайды:

- әлемдік қауымдастықтың мүгедектігі бар адамдардың мәселелеріне деген көзқарастарын сипаттайтын, осы тұлғалардың анықталған мәселелерінің мемлекеттік шешімдерін талдайтын және мүгедектігі бар адамдарды жұмыспен қамтуды мемлекеттік реттеудің эволюциялық көзқарастарды бес бөлікке бөліп анықтайтын ерекше қажеттіліктері бар адамдарды жұмыспен қамту саясатының авторлық концептуалды моделі тұжырымдалды;
- Қазақстан Республикасының ерекше қажеттіліктері бар адамдарды жұмыспен қамтуды мемлекеттік реттеу құралдарын (ерекше қажеттіліктері бар адамдарды жұмысқа орналастыруға арналған квоталар, арнайы субсидияланатын жұмыс орындарының болуы және 2025 жылға дейінгі мүгедектігі бар адамдардың құқықтарын қамтамасыз ету және өмір сүру сапасын жақсарту жөніндегі ұлттық жоспарды іске асыру) талдау нәтижелері бойынша ерекше қажеттіліктері бар адамдарды жұмысқа орналастырудағы кедергілер мен факторлар анықталды;
- жартылай құрылымдық сұхбат негізінде Қазақстан Республикасындағы ерекше қажеттіліктері бар кәсіпкерлердің кедергілері мен мәселелері анықталды;
- ерекше қажеттіліктері бар адамдардың жұмыспен қамту жағдайын шектеуші факторлардың әсері эконометриялық әдістерді қолданатын есептеулер негізінде анықталды;
- республикада мемлекеттік реттеуді жетілдіру және ерекше қажеттіліктері бар адамдарды жұмыспен қамту деңгейін арттыру бойынша шаралар мен ұсыныстар әзірленді.

Қорғауға ұсынылатын негізгі ережелер:

1. Әлемдік қауымдастықтың мүгедектігі бар адамдардың мәселелеріне деген көзқарастарын көрсететін, осы тұлғалардың анықталған мәселелері бойынша мемлекеттік шешімдерді талдайтын ерекше қажеттіліктері бар тұлғалардың проблемаларына әлемдік қоғамдастықтың көзқарасының өзгеруін көрсететін, 1980 жылдан 2021 жылға дейінгі кезеңде ерекше қажеттіліктері бар адамдарды жұмыспен қамтуды мемлекеттік реттеудің ғылыми саладағы зерттеушілердің жариялау қызметіне негізделген ерекше қажеттіліктері бар адамдарды жұмыспен қамту саясатының тұжырымдамалық моделі тұжырымдалды;
2. Қазақстан Республикасының ерекше қажеттіліктері бар адамдарды жұмыспен қамтуды мемлекеттік реттеу құралдарын (ерекше қажеттіліктері бар адамдарды жұмысқа орналастыруға арналған квоталар; арнайы субсидияланатын жұмыс орындарының болуы және Қазақстан Республикасында мүгедектігі бар адамдардың құқықтарын қамтамасыз ету және өмір сүру сапасын жақсарту жөніндегі 2025 жылға дейінгі Ұлттық жоспарды іске асыру) талдау нәтижелері бойынша ерекше қажеттіліктері бар адамдарды жұмысқа орналастыруға әсер ететін кедергілер мен факторлар анықталды;
3. Ерекше қажеттіліктері бар адамдарды жұмыспен қамтуды мемлекеттік реттеуді жетілдіру бойынша шаралар әзірленді;
4. Зерттеу нәтижелерін ескере отырып, республикада ерекше қажеттіліктері бар адамдарды жұмыспен қамту деңгейін арттыру бойынша ұсыныстар әзірленді.

Диссертациялық зерттеу нәтижелері бойынша қысқаша тұжырымдар.

1. Әр түрлі әдеби көздердегі ерекше қажеттіліктері бар адамдарды жұмыспен қамту саясаты туралы ғалымдардың бар және жарияланған пікірлерін

талдай отырып, ерекше қажеттіліктері бар адамдарды жұмыспен қамту саясатының тұжырымдамалық моделі жасалды, ол әрі қарай зерттеудің әдіснамалық негізін құрады. Тұжырымдамалық модель анықталған бес уақыт аралығындағы жарияланымдардың тенденцияларының мазмұнын ашады, пассивті кірістің себептерін түсіндіреді, жеке және қоршаған орта факторларын, ішкі және сыртқы кедергілерді қамтиды және ерекше қажеттіліктері бар адамдарды жұмыспен қамту саясатының нәтижелерін қорытындылайды.

2. Ерекше қажеттіліктері бар адамдарды жұмыспен қамтуды мемлекеттік реттеудің әдіснамалық тәсілі ерекше қажеттіліктері бар адамдарды жұмыспен қамтуды мемлекеттік реттеу саласындағы экономикалық, әлеуметтік, құқықтық, психологиялық, идеологиялық, технологиялық және экожүйелік сияқты іргелі зерттеу тәсілдерін қамтиды. Ерекше қажеттіліктері бар адамдарды жұмыспен қамтуды мемлекеттік реттеуді бағалаудың қолданыстағы әдістерін талдау ерекше қажеттіліктері бар адамдарды жұмыспен қамтуды мемлекеттік реттеуді зерттеуде қолданылатын сапалық және сандық әдістердің маңыздылығын көрсетті.

3. Дамыған елдердің зерттелген тәжірибесі келесі алгоритм бойынша жұмысқа орналастыру квотасын қолданудың тиімділігін растады: жұмыс берушілер мен ерекше қажеттіліктері бар тұлғаларды ынталандыру тетіктерін әзірлеу; квотаны орындамаған кәсіпорындарға алымдарды енгізу және айыппұлдар салу және квотаның сақталуын бақылау механизмін құру.

4. Қазақстан Республикасында ерекше қажеттіліктері бар адамдар үшін жұмыс орындарын квоталауға жүргізілген талдау нәтижелері бойынша қолданыстағы заңнамаға сәйкес жұмыс берушілер квотаның орындалуына жауапты емес деген қорытынды жасалды. Квота енгізілген уақыттан бері ерекше қажеттіліктері бар адамдардың жұмыс орындарын квоталауды сақтамағаны үшін бірде-бір қылмыстық іс қозғалмаған. Сонымен қатар, квотаның орындалуын бақылаудың бұл түрі бизнесті жүргізудің мемлекеттік және жеке секторларында жеткіліксіз болып табылады. Осыған байланысты Қазақстан Республикасында екі секторда да ерекше қажеттіліктері бар адамдарды жұмысқа орналастырудың белгіленген квотасын орындау бойынша тұрақты мониторинг тетігін құру қажеттілігі туындады.

Ерекше қажеттіліктері бар адамдар үшін арнайы жұмыс орындарын субсидиялауды талдау нәтижелері жұмыс берушілер арнайы жұмыс орындарын құруға мүдделі болмаған жағдайда, ҚР-да алдағы жылға өтінімдер жинау жүзеге асырылмайды. Мүдделі жұмыс берушілердің белсенділігін арттыру үшін осы мәселеде олардың белсенділігін ынталандырудың жаңа тетігі қажет.

5. 2025 жылға дейін Қазақстан Республикасында мүгедектігі бар адамдардың құқықтарын қамтамасыз ету және өмір сүру сапасын жақсарту жөніндегі Ұлттық жоспарды орындау бойынша жүргізілген жұмыс туралы есепті талдауда мүгедектігі бар адамдардың бәсекеге қабілеттілігінің төмен екендігі анықталды. Нысандарға қолжетімділіктің әлсіздігі, оңалту орталықтарының аздығы, мүгедектігі бар адамдарды жұмысқа орналастыруда жүйелі қолдаудың жоқтығы байқалады.

6. Ерекше қажеттіліктері бар кәсіпкерлермен жүргізілген жартылай құрылымдық сұхбат негізінде сапалы зерттеу нәтижелері жеке факторлардың маңызды рөлін, кәсіпкерлікті ұйымдастыруда айналадағы адамдар мен мемлекетті қолдау қажеттілігін көрсетті.

Қазақстан Республикасында ерекше қажеттіліктері бар адамдарды жұмыспен қамту мәртебесіне әсер ететін тежегіш факторларды айқындауды сандық зерттеу (онлайн-сауалнама) мемлекеттің ерекше қажеттіліктері бар адамдарды жұмысқа орналастыруды ынталандыратын қолжетімді ортаны, көмекші құрылғылардың қолжетімділігін, үйде қолдауды жақсартуға бағытталған саясатты күшейту қажеттігін көрсетті.

7. Анықталған кедергілер ерекше қажеттіліктері бар адамдарды жұмыспен қамтуды мемлекеттік реттеуді жақсарту жөніндегі шараларды әзірлеуге мүмкіндік берді, атап айтқанда: жұмыс орындарын квоталауды орындау мониторингін күшейту; жұмыс орындарын құратын жұмыс берушілерді ынталандыру; барлық стейкхолдерлердің қызметін жандандыру есебінен ерекше қажеттіліктері бар адамдарды жұмыспен қамтудың экожүйесін дамытуды тереңдету.

Зерттеу нәтижелерінің теориялық маңыздылығы. Алынған нәтижелерді мемлекеттік атқарушы құрылымдар, сондай-ақ ұйымдар ерекше қажеттіліктері бар халықты жұмыспен қамту деңгейін арттыру жөніндегі мемлекеттік бағдарламаларды әзірлеу және орындау кезінде пайдалана алады. Алынған нәтижелердің нысаналы тұтынушылары Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі, Ғылым және жоғары білім министрлігі және Қазақстан Республикасының басқа да мемлекеттік ведомстволары болып табылады. Осы зерттеудің теориялық әзірлемелерін Әлеуметтік және экономикалық мамандықтар үшін оқу-әдістемелік бағдарламаларды дайындауда қолдануға болады.

Зерттеу нәтижелерінің практикалық құндылығы. Зерттеу нәтижелері мен ұсыныстар ерекше қажеттілігі бар адамдарды жұмыспен қамту мақсатында әлеуметтік саясатты дамытуға және осы зерттеуде көрсетілген салаларда күш-жігерді шоғырландыру арқылы ерекше қажеттілігі бар адамдардың әл-ауқатын жақсартуға қолдануға болады.

Зерттеу нәтижелерін апробациялау. Бұл зерттеудің нәтижелері оны жүзеге асырудың барлық кезеңдерінде апробациядан өтті. Негізгі ережелер мен қорытындылар келесі халықаралық конференцияларда талқыланды: E3S Web of Conferences (Алматы, 2020), Emerging Markets Economics and Business. Contributions of Young Researchers (Орадя, 2021).

Зерттеу нәтижелерін жариялау. Қорғауға шығарылған негізгі ережелер мен тұжырымдар 6 ғылыми еңбекте, оның ішінде:

- 1 мақала Scopus дерекқоры бойынша 44-процентильге ие Қоғамдық пікір мониторингі: экономикалық және әлеуметтік өзгерістер журналында;
- 3 мақала ҚР ҒЖБМ Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету Комитеті ұсынған ғылыми басылымдарда;
- 2 мақала Халықаралық ғылыми-практикалық конференциялар материалдары бойынша ғылыми Еңбектер жинағында, оның ішінде Scopus деректер базасында индекстелген 1 мақалада жарияланды.

Диссертацияның құрылымы мен көлемі. Диссертация мазмұннан, белгілеулерден және қысқартулардан, сілтемелерден, кіріспеден, үш тараудан, қорытындыдан, пайдаланылған дереккөздер тізімінен және үш қосымшадан тұрады. Диссертациялық зерттеу көлемі 12 кесте, 20 суретті қамтитын 131 беттен тұратын баспа мәтінін құрайды. Пайдаланылған дереккөздердің тізімі 212 атаудан тұрады.